

Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 20 мамыр N 121 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 18.06.1999 ж. тіркелді. Тіркеу N 809. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 25 ақпандағы N 13 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 25 ақпандағы N 13 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір нормативтік құқықтық актілерін» "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 наурыздағы Заңының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

- 1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің осы қаулының қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.*

3
1)
2)
4

5. ...

Ұлттық Банк Төрағасы

Д ұ р ы с :
ҚРҰБ Басқармасының және
Директорлар кеңесінің

хатшысы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2008 жылғы 25 ақпандағы
N 13 қаулысына қосымша
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
күші жойылды деп танылатын нормативтік

1
2
3

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту жөнінде" 1999 жылғы 20 мамырдағы N 121 қаулысы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 18 маусымда N 809 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің»"Қазақстан Ұлттық Банкінің хабаршысы" ресми басылымында 1999 жылғы 23 маусым - шілдеде N 13 (157) жарияланған).

5

Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату механизмін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 28 наурыздағы N 54 V990724_ қаулысымен бекітілген Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Қасымжанова Г.З.):

1) Заң департаментімен (Сизова С.И.) бірлесіп осы қаулыны және Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу үшін шаралар қабылдасын;

2) осы қаулыны Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Т ө р а ғ а с ы
Қазақстан Республикасының
Ұ л т т ы қ Б а н к і
Басқармасының 1999 жылғы
20 мамырдағы N 121 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 28 наурыздағы N 54 қаулысымен бекітілген
"Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен
түсімді міндетті түрде сату туралы" нұсқаулыққа
өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 28 наурыздағы N 54 қаулысымен бекітілген "Тауар (жұмыс, қызмет) экспортынан шетел валютасымен түскен түсімді міндетті түрде сату туралы" нұсқаулыққа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 3-тармақтағы "Өнім экспорты үшін" деген сөздер ",оның ішінде резиденттердің Қазақстан Республикасының аумағында резидент еместерге тауарларды (жұмыс, қызмет) сатудан түскен" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 4-тармақтың 4.1-тармақшасының бесінші азатжолындағы "Қазақстан Республикасының банктері берген" деген сөздерден кейін "ұйымдар көрсеткен қаржы көмегін қайтару" деген сөздермен толықтырылсын.

4-тармақтың 4.5-тармақшасындағы 5 азатжол мынадай жаңа редакцияда жазылсын: "Қазақстан Республикасының резидент еместерін сақтандыру жөніндегі сақтандыру ұйымдарының операцияларынан, сондай-ақ шетелдік сақтандырушылармен (қайта сақтандырушылар мен) қайта сақтандыру операцияларынан".

3. 7-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін уәкілетті банктерде:

- шетел валютасымен толық көлемдегі түсімдерді есепке алу үшін транзиттік
в а л ю т а е с е п ш о т ы ;

- валюта түсімін міндетті түрде сатқаннан кейін ұйымның қарамағында қалған қаражат есебін жүргізуге арналған ағымдағы валюта есепшоты (егер ұйымдарда валюта есепшоты болмаған жағдайда) қатар ашылады.

Ұйымдар алған шетел валютасы, түскен соманы теңестіретін төлем құжаттарының деректемелері, оның ішінде нақты мәміле паспорты бойынша:

- егер ол валюта түсіміне жататын болса, ұйымның транзиттік валюта
е с е п ш о т ы н а ;

- осы Нұсқаулықтың 4-тармағында аталған басқа жағдайларда ағымдағы валюта есепшотына міндетті түрде есептелуге тиіс.

Уәкілетті банк ұйымдар алған шетел валютасын, түскен соманы теңестіретін төлем құжаттарының деректемелерін, оның ішінде ұйымнан түскен сома туралы хабар алған уақытпен қатар нақты мәміле паспорты бойынша транзиттік есепшотқа есептейді. Ұйым банктен жазбаша хабар алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде контрактінің (келісімнің, шарттың) деректемелерін және мәміле паспортының номерін көрсете отырып түскен соманың сипаты жөнінде банкті хабардар етуге, сондай-ақ уәкілетті банкке валюта түсімінің бөлігін міндетті түрде сатуға және валюта түсімінің қалған бөлігін ағымдағы валюталық есепшотқа аудару туралы тапсырма беруге міндетті.

Уәкілетті банк түскен соманы теңестіргеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей валюта түсімін ұйымның транзиттік валюта есепшотына есептейді, басқа түсімдерді ұйымның ағымдағы валюталық есепшотына есептейді.

Егер шетел валютасымен теңестірілген түсімдер басқа банктер ресімдеген контрактілерге, мәміле паспортына жатқызылған жағдайда, уәкілетті банк көрсетілген соманы тиісті банкке аударарды.

Ұйым шетел валютасымен түскен соманың сипаты туралы жазбаша түсініктеме бермегенде, валюталық бақылау агенті болып саналатын уәкілетті банк, банктік транзиттік валюта есепшотына шетел валютасымен түскен түсімдерді есептеген күннен бастап 5 жұмыс күні өтісімен шетел валютасымен түскен түсімдердің бөлігін валюта биржасының кезекті саудасында еріксіз сатады, бұл жөнінде ұйымға хабарлайды. Сонымен бірге міндетті түрде сатудан кейін шетел валютасының сомасы және баламасы сатылған шетел валютасына тең теңгемен қалған сома, олардың жай-жапсарын анықтағанға дейін банктің транзиттік есепшотына есептеледі.

Валюта түсімі қолма-қол шетел валютасымен түскенде, ұйым барлық қолма-қол шетел валютасын уәкілетті банкке өткізуге міндетті. Банк салынған қаражатты ұйымның транзиттік валюта есепшотына есептейді және валюта түсімінің бөлігін ішкі валюта рыногындағы валюта биржасында сатуды жүзеге асырады."

4. 12-тармақтағы "ұйымның транзиттік валюта есепшотына шетел валютасындағы түсімді есептеген" деген сөздер "уәкілетті банкке шетел валютасымен түскен" деген сөздермен ауыстырылсын.

5. N 1 қосымша мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

" _____ банкке Сіздің ұйымның пайдасына біздің
(күні, айы, жылы)

банктегі Сіздің N _____ есепшотыңызға жазылған

(валютамен: санмен және жазбаша) сомада қаржы түсті, ол Сіздің N _____ есепшотыңызға жазылды. 2 жұмыс күні ішінде банкке экспорттық валюта түсімдерін міндетті түрде сатуды жүзеге асыруға және қалған соманы Сіздің ағымдағы валюта есепшотыңызға есептеуге тапсырыс беруіңізді сұраймыз.

Сіздің ұйым банкке түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде валюта биржасында валюта сатуға тапсырма бермесе, валюталық бақылау агенті болып саналатын уәкілетті банк Ұлттық Банктің 1999 жылғы "___" _____ N _____ Нұсқаулығының 12-тармағына сәйкес валюта түсімінің бір бөлігін міндетті түрде сататын болады.

Уәкілетті банктің
жауапты орындаушысы

М.О. Қолы"

6. N 2 қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

Төраға

N 2 қосымша
есеп беру нысаны - апта сайын
келесі аптаның 2-ші жұмыс күнінен
кешіктірмей

1999 жылғы "___" _____ "___" _____ аралығында
есеп берілетін апта үшін экспорттық валюта түсімінен түскен сома туралы

Мәлімет

валютаның мың бірлігі

N ! Валютаның түрі !Ағымдағы кезеңде !Міндетті сатылуға
! ! шетел валютасының !жататын валюта
! ! сомасы !сомасы
! !-----!
! !теңестірілмеген !ұйымның !өткен !есеп
! !соманың Банктің !транзиттік!кезеңде !беріліп
! !транзиттік есеп !е/шотына !түскені,!отырған
! !шотына түскені !түскені !бірақ !кезеңде
! ! ! !сатылма-!түскені

! ! ! !ғаны !

I! II ! III ! IV ! V ! VI

1 !Австрия шиллингi ! ! ! !

2 !Ағылшын стерлинг фунты ! ! ! !

3 !Бельгия франкі ! ! ! !

4 !Голланд гульдені ! ! ! !

5 !АҚШ доллары ! ! ! !

6 !Еуро ! ! ! !

7 !Ирланд фунты ! ! ! !

8 !Испан песеті ! ! ! !

9 !Итальян лирі ! ! ! !

10!Неміс маркасы ! ! ! !

11!Португал эскудосы ! ! ! !

12!Фин маркасы ! ! ! !

13!Француз франкі ! ! ! !

14!Швейцар франкі ! ! ! !

15!Жапон иені ! ! ! !

16!Ресей рублі ! ! ! X ! X

17!Басқалары ! ! ! X ! X

18!Шетел валютасымен қайта ! ! ! !
!есептенде мың АҚШ ! ! ! !
!долларымен ҚҰБ-нің ! ! ! !
!орташа бағамы бойынша ! ! ! !
!барлығы ! ! ! !

(таблицаның жалғасы)

Сатылған валюта түсімінің сомасы !Ұйымның ағымдағы
-----!валюта шотына
барлығы ! биржадан тыс сатылғаны !есептелген
-----!-----!валюта сомасы

өткен !есеп ! валюта !оның !басқаларға !
кезеңде !беріліп !биржасында !ішінде ! !
түскені,!отырған !сатылғаны !Ұлттық ! !
бірақ !кезеңде ! !Банкке ! !
сатылма-!түскенінен ! ! ! !
ғаны ! ! ! ! !
қалғаны ! ! ! ! !

VII ! VIII ! IX ! X ! XI ! XII

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

! ! ! ! !

X ! X ! X ! X ! X !

X ! X ! X ! X ! X !

! ! ! ! !

№ 2 қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқаулар

Бағанның ! Мақсатты
№ !

I ! Рет номері

II ! Валютаның атауы

III ! Ұйымдар алатын шетел валютасындағы сома, түскен төлемдерді
! теңестіруге мүмкіндік бермейтін төлем құжаттары, оның ішінде
! контракт бойынша түсімдерден басқа нақты мәміле паспорты бойынша
! деректемелер, тиісті банкке аударылуға жататын басқа банктер
! ресімдеген мәміле паспорттары көрсетіледі.

IV !Есеп беру кезеңінде түскен теңестірілген валюта түсімінің сомасы

V !Осы есеп беру кезеңінде сатылуға тиісті өткен кезеңдердегі

!теңестірілген валюта түсімінің сомасы көрсетіледі.

!Мысалы:

!Өткен кезеңде міндетті түрде сатылуға тиісті түсім сомасы 50000

!USD болды, бірақ 30000 USD ғана сатылды, осы бағанға сомалар

!арасындағы айырмашылық - 20 000 USD қойылуға тиіс.

VI !Осы кезеңде түскен таза валюта түсімінің 50 %-і болатын сома

!көрсетіледі.

!Мысалы:

!Валюта түсімінің толық көлемі - 100000 USD;

!Бағанға міндетті түрде сатылуға тиісті 50 % болатын сома - 50000

!USD жазылады.

VII !Сатылған валюта түсімінің сомасы, өткен кезеңдерде түскені, бірақ

!сатылмағаны көрсетіледі.

VIII !Өткен кезеңде түскен, нақты сатылған түсім сомасы көрсетіледі.

IX !Түскен уақытына қарамастан есеп беру кезеңінде валюта биржасында

!нақты сатылған түсім сомасы көрсетіледі.

X !Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған бағам бойынша оның

!түсу уақытына қарамастан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

!есеп беру кезеңінде нақты сатылған түсім сомасы көрсетіледі.

XI !Есеп беру кезеңінде оның түсу уақытына қарамастан коммерциялық

!банктер нақты сатқан, уәкілетті Банк дербес сатып алған түсім

!сомасы және т.б. көрсетіледі.

XII !Валюта түсімінің толық көлемінің 50 %-ін міндетті түрде сатқаннан

!кейін экспортер ұйымның ағымдағы валюталық есепшотына есептелген

!валюта түсімінің сомасы көрсетіледі.

Оқығандар:

Умбетова А.М.

Нарбаев Е.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК